

ӘОЖ 821.512.122

Жанат Әскербекқызының поэзиясындағы «Киелі жер» концептісі

Зұлпыхар Ақнұр Үсенқызы

aknur.26.10.2000@gmail.com

Л.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті, «6802305 – Филология: қазақ тілі» білім беру бағдарламасының 3-курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: Г.Сағидолда

Адамзаттың Айтматовы «Поэзияға өз үнімен әйел келер болса, бұл, бәрінен бұрын, сол қоғамның парасаттылық дәрежесін көрсетеді», - деп, нәзік жанды ақындарды ерекше бағалаған екен .

Мифологиялық және тарихи ойлау жүйесі этникалық-танымдық түпкі ой- санаға негізделетінін ескерсек, Ж.Әскербекқызының өлеңдерінде ұлттық дүниетаным коды тұнып тұрғанын аңғарамыз. Мәселен, ұлттық санада мызғымас орын алатын «Киелі Жер» ұғымы ауқымында туған жеріне арнаған «Баба жұртына оралу», «Марқакөл», «Тарбағатай. Бүрмедегі обалар», «Арғанаты», «Китіңқара», «Сыбанбұлақ», «Айтқаншоқы», «Жалғызтал», «Өскемен», «Алтай», «Маңғыстау», «Өтүкен тауы», «Берел», «Шыңғыстау», «Сауыр мен Сайқан»,

«Қалбатау», «Тұлпар», «Сұңқар», «Толағай», «Маңырақ», «Барқытбел», «Тарбағатай» атты өлеңдерінде тек табиғаттың сұлулығын жырлап қана қоймай, топономикалық атаулардың тарихи маңыздылығын мифологиялық тылсым сырын ақтару арқылы ашқан. Ж.Әскербекқызының атрибуттары - «Туған жер» - тәу ететін киелі мекені.

“Киелі жер” концепциясы

Энциклопедиялық түсіндірмелерде «*киелі орын*» дегеніміз (латын тілінен – *sacer*) – ерекше мәні бар қайталанбас объектілері бар орын. Онтологиялық тұрғыда «*киелі*» күнделікті болмыстан ажыратылатын шынайылықтың жоғарғы деңгейі; гносеологиялық тұрғыдан ақыл жетпейтін ақиқат білім; феноменологиялық тұрғыда таңқалдыратын ғажап дүние; аксиологиялық тұрғыда абсолютті, императивті құбылыс.

Қазақ сөзіндегі «*киелі*» ұғымының мағынасы М. Қашқаридің «*Түрік сөздігінде*» «*КИЕ* – қасиет конған «кісілік» анықтамасында берілсе, Ж. Баласағұнидің «*Құтты білігінде*» *киелі* сөзі орнына «*иесі*» сөзін қолданған екен. Мысалы:

«Айтты Одғұрмыш өлімнің шын келгенін,
Түсіне еніп иесі аян бергенін»

Бұл жерде «*ие*» деген жанның иесі, иелік етушісі Тәңірі екендігін айтады. Яғни «*киелі*» түсінігі трансцендентальдік, мистикалық дүниемен байланыс ретінде қарастырылған. Қазақтың түсіндірме сөздігінде «*киелі*» сөзіне екі түрлі анықтама берілген, біріншісі – ескі, қасиетті мағынасында, екіншісі – қадірлі, абыройлы, ардақты. Бұл орайда С.И. Ожеговтың түсіндірме сөздігіне де назар аударар кеткен жөн. Онда «*сакраментальный – қасиетті, маңызды*» - деп анықталып, қазақша түсіндірмемен мағынасы үндесетінін байқаймыз.

Дюркгейм тұжырымдамасын сынға алған Р. Отто «қасиеттілік» пен «киелілікті» иррационалды бастама деп түсіндіреді. Өзінің «Святое» атты еңбегінде «сакралдылықты», «қасиеттілікті», «киелілікті» түсіндіру үшін әртүрлі ұғымдарды қолданады. Р. Отто діни тәжірибелерді зерттеу барысында *киелі* категориясының априорлық бастамасын айқындайды. Неміс философы Р. Отто *киелі* категориясын «*нуминоз*» деген сөзбен алмастырады (латын тілінен *nimen – құдай құдіреттілігінің белгісі*); нуминоздың психологиялық ерекшелігін айқындай отырып, «*misterium tremendum*» сезімімен (адамды экстатикалық күйге әкелетін құпияға иландыратын сезім) байланыстырады. Киелілікті сипаттайтын тағы бір сезім түрі «*fascinans*» сезімі (латын тілінен *fascino – еліту, арбау*) – құпиямен қарым-қатынасқа түскен кезде әрбір адамның бойында пайда болатын масаттану, тартылыс, таңғалдырарлық сезімнің пайда болуы. Нуминоздық сезімдер кешені пайда болған кезде ол абсолютті құндылық дәрежесіне ие болады. Осы құндылықты Отто «*sanctum*» (латын тілінен – қасиетті, киелі), иррационалдылық тұрғысында «*augustum*» (латын тілінен – құдіретті, қасиетті) деп атайды.

Қазақ жері *киелі* орындарға бай. Егерде, әлеуметтанушы Э. Дюркгейм жә-не неміс философы Р. Отто *киелілік* жеке адамның қабылдауымен анықталады деп санаса, Тәңіршілдік дүниетанымында «*жер*» ол өсіретін, ұрпақ жалғастыратын тіршіліктің көзі.

«*Қасиетті жер*», «*киелі орын*» ұғымдарын идеологиялық жә-не күнделіктілік тұрғысынан түсіндіруге болады. Идеологиялық деп тұрғаным мемлекеттік маңыздылығы бар «қасиетті жерлер», екіншісі күнделікті халықтың сұранысына ие болып отырған, жеке ұрпақтың ата-бабасымен байланысты «қасиетті орындар». Әрбір *киелі* орын өзінің әлеуметтік, мәдени, саяси, діни функцияларын атқарады. Күнделікті қарапайым адам мен діни адамның, ғалымның қабылдауының нәтижесінде әртүрлі тұжырымдамалар мен түсініктер қалыптаса береді, бірақ сол орын немесе жер ешқашан өзінің жекешелігін, ерекшелігін жоғарылатпайды.

Зерттеулерге сүйенетін болсақ, «*киелі жерлерді*» үш категорияға бөліп қарастыруға болады:

біріншісі – әртүрлі дінмен байланысты адамдармен жасалған «қасиетті орындар»;

екіншісі – табиғат факторларымен пайда болған – емдік сулар, емдік балшықтар, дольмендер жә-не тағы басқалары.

үшінші категориясы – екі категорияның араласуынан пайда болған «киелі жерлер»

Философиялық сөздіктерде «киелі» дегеніміз (латын тілінен – sacer) – құрмет тұту, қасиетті деп жариялау, құдайға арналған, ал «қасиет» сөзінің мағынасын (латынша - mysterium tremendum) – адамды бір мезетте бақытты ете алатын немесе қорқыныш пен үрейге иландыратын белгісіз күш деп анықтаған. Э. Бенвениста тұжырымы бойынша, «sacer» құпия мағынасын білдіреді, ал «sanctus» - жағдай, адамдар қалыптастырған тыйым салулардан туындайды.

Терминологиялық сөздіктерде «киелі» мен «культ» терминдерінің мағынасын үйлесетінің көреміз. Латын тілінен «cultus» - сиыну, құрметтеу, қамқорлық жасау. Дегенмен иерархиялық тұрғыда «киелі» сөзі жоғары тұрғанын атап кеткен жөн, себебі оның ауқымы мен мағынасы кең сипат алады. Ағылшын тілінде «культ» термині алғаш рет 1617 жылы адамға немесе затқа адал болу мағынасында қолданған. Негізі культпен көбіне діни рәсімдер байланыстырылады. «Қазына боп келеді қай ғасырдан?!» деп риторикалық сауалмен басталатын «Тарбағатай. Бүрмедегі обалар» өлеңінде қиырдың бір пұшпақтағы қыратында қалған Бүрмедегі обаларды көргендегі сезімін өлкенің бағзы тарихын тануға меңзейді.

«Әуелгіде ... осы тұс Патшалық боп,
Ақырында ... оба боп мұнарланды», - деп көкейіндегі сауалдың мәнін нақтылай келе,
«Жатқан болар жай тауып әз ұланы,
Жүйріктері жарысқан жазығы әні!
Рух дерсің, шежіре –тарих дерсің
Обаларға көмілген қазынаны...» - деп түйіндейді.

Бұл өлеңінде ақын терең толғаныспен өлке тарихын тануға ой салады. Өлкенің қазынасы тек алтын іздеу немесе жердегі байлыққа құнығу емес, Жердің қазынасы обаларға көмілген Елін, Жерін қорғаған «әз ұландар» екендігін ескертеді. Сондай-ақ «Қазына» сөзінің ауқымына бойға қуат беріп, рухты оятатын киелі күш - Туған жердің шежіре-тарихы екендігін еске салады. Жанаттың ішкі монологында өлкедегі осынау тарихи-мәдени мұраны саф күйінде келешек ұрпаққа сақтау аманаты бар.

«Дерті де, серті де - өлең» болған ақынның құбылту иірімдеріне бай поэзиясы семантикалық эстетикалық мән-мағынаға ие. Автордың гносеологиялық танымы «Тарбағатайым...», «Тас балбал әрі тағдыр» өлеңдерінде адам мен әлемнің қарым-қатынасы қағидаларымен ұштасқан.

«Сағым жөңкіген белім аман ба,
Жалпақ жұрт - жайлау төрім аман ба?
Аңыз боп жеткен ата қонысым -
Қос Арғанаты, желің аман ба?...
...Тарбағатайым - тәу етер жерім,
Топырағыңнан өнген дәніңмін», - десе, Тарбағатайдағы
балбалдарға келгендегі сезімін «Тас балбал әрі тағдыр» өлеңінде:
«Дәуір болып дүбір өтті,
Ақыры бар ғұмыр өтті..
«Лә иллаһа ил Алла» деп,

Балбал мүсін күбір етті», - деп, мәтін функциясына «МЕН- ОЛ» жүйесіндегі кодтық модельді интуиция арқылы шебер берген.

Ә.Марғұлан «Барлық ғұндар, үйсіндер жасаған ұлыстарда (Жетісу, Тарбағатай, Алтай-пазырық, Қотанды, Шибә, Ноин-ул) олардың аталарын ардақтап жасаған салтанатты қабірлері

болған. Жетісуда, Тарбағатай тауында, Алтайда, Орталық Қазақстанда олардың қыздарына арнап биік мұнара етіп тастан салған діңгектері, тас үйлері болғандығын» жазған.

Тарбағатай – күміс су, алтын бел-ді,

Сусып дәуір, ғұрпы мен салтын көмді.

Қола дәуір сарқыты - бұл шырағдан

Сол күндерден қалған бір жарқын белгі [1,6 бет].

Қазақ жері тарихи жәдігерлерге бай, соның бірі көнеден қалған жұдырықтай ғана шырағданнан ақын осы жерді мекен еткен біздің ата-бабаларымыздың осыдан мыңдаған жылдар бұрын да мә-дениеті ешкімнен төмен болмағанын, олардың өздеріне тән эстетикалық таным-дары мен талғамының болғанының дәлелі ретінде осынау шырағданды куәлік ретінде ұсынады. Ақын шырағданның қола дәуірінен біздің заманымызға аман-есен жетуінің өзін символикалық сипатта былайша түсіндіреді:

Шырағданды бабамыз қалдырған-ау,

Өзі жаққан алау от сөнбесін деп, – деп ошағыңның оты сөнбесін, ұрпақ жалғастығы сақталсын деген қазақы ұғыммен әдемі түйіндейді .

Қорыта айтқанда, ақын туған өлкесінің сұлу табиғатын жалаң жырлаудан аулақ, ол сол өзі өскен, бала күнінен сырын ұққан киелі жердің әсем бейнесінің астарына үңілуге құштар. Ол әр аймақтың, әр мекеннің, әр қыраттың, әр шоқының өз тарихы, адам тақылеттес өмірі болатынына сенеді және соған оқырманын да иландырады. Туған жер Жанат лирикасында сағынышпен тамырлас, әрдайым өзінің тәу етіп, қадыр-қасиетіне бас иетін рухани тірегі сияқты. Ақын көңілі қайда жүрсе де туған жерге деген іңқарлығынан, сағынышынан ажырай алмайды. Ата қоныста әр бір қазақ баласы жатқа айтатын «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырындағы Ай мен Таңсықтың ел мен жермен қоштасу әуеніне сап:

Сағым жөңкілген белім аман ба,

Жалпақ жұрт - жайлау - төрім аман ба?

Аңыз боп жеткен ата қонысым –

Қос Арғанаты, желің аман ба? – деген өлең жолдары кімнің де болса жүре-гін елжіретері сөзсіз . Ақын танымындағы жел ерекше символдық образ. Жанаттың табиғат туралы лири-каларының көбінде жел еркеліктің, ер-кіндіктің қозғаушы күші ретінде бейнеленеді.

Ынтызар едім желіңе бұла,

Демеу жетпей жүр деміме мына.

Кеудемді жарған керімсал өлең

Тіріге сәлем, өліге дұға .

Өлеңнің поэтикалық болмысын ақын керімсал желдің қасиетімен салыстыра сипаттайды. «Керімсал өлең...». Ыстық аптаптағы аңызак жел, қызуы қайтқан ыстық жалын сияқты. Кеудені жарып шыққан өлеңнің де дәл сондай ыстық екеніне еріксіз ұйыйсыз. Ақынның туған жерге бағыштаған дұғасы да, сәлемі де өлең.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Әскербекқызы Ж. Қаза қанатындағы ғұмыр. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Жазушы, 2007. – 240 бет.
2. Аймауытов Ж. Мағжанның ақын-дығы туралы. Кітапта: ЖҰмабаев М. Шығар-малары. –Алматы: Жазушы, 1986. - 448 б.
3. Қазіргі әдебиетті жалпыадамдық құндылықтар. – Алматы: - «Evo press», 2014. – 708 бет.
4. ХХІ ғасырдағы қазақ әдебиеті (2001-2011 жж.) – Алматы: Арда, 2011. - 640 бет.
5. Ермағанбетова Қ.С., Мақимбаева Ж.М. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршы. Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы. №1 (59). 2017